



КНИГА & БИБЛИОТЕКА

КІТАП & КІТАПХАНА

BOOK & LIBRARY



№02
2017



**РУХАНИ
БАЙЛЫҚТЫҢ
РУХЫ ТҮСПЕСІН !**



**ПРИУМНОЖАЯ ЗНАНИЯ,
СОХРАНЯЯ ДУХОВНЫЕ
ЦЕННОСТИ !**



**INCREASING KNOWLEDGE,
PRESERVING THE SPIRITUAL
VALUES AT THE SAME TIME!**



**ТАЛДАУ
КІТАП ЖӘНЕ ҚОҒАМ
ЗАМАНАУИ КІТАПХАНА.
ИННОВАЦИЯЛАР
АҚПАРАТТЫҢ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР
БАЛАЛАР ЖӘНЕ КІТАП ОҚУ
МҰРА
ЖАҒАЛЫҚТАР. АҚПАРАТ**





**Иманбекова
Клара
Жұмағалиқызы,**
*Республикалық
ғылыми-
педагогикалық
кітапхананың
ғылыми-
библиография
бөлімшесінің
басшысы,
Алматы қ.*

ЖАСТАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫҚ КӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ЖҰМЫСТАРЫ

Дүниежүзіндегі халықтардың тоқсан пайызынан астамы көп ұлтты мемлекет құрамында өмір сүреді. Көп ұлтты мемлекеттерде ұлтаралық қатынастар қалыптасады. Ұлтаралық қатынастар – бұл көп ұлтты қоғамның ішіндегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, тілдік және басқа да қатынастардың жиынтығы.

Шығыс пен Батыстың тоғысында орналасқан Қазақстан, тарихи тұрғыда түрлі халықтар мен өркениеттердің дәстүрлері мен құндылықтарын бойына жинақтаған теңдессіз мемлекеттік құрылым ретінде қалыптасты. Тәуелсіз елімізде жүз отыздан астам ұлттың өкілдері тұрады. Біз халқымызға тән қонақжайлықпен, кеңпейілділікпен барша ұлттарды бауырымызға басқан елміз. Сол арқылы әлемге татулығы жарасқан үлгілі мемлекет болып танылудамыз.

Елбасы Н.Назарбаев: «Біздің еліміздің баға жетпес байлығы – қоғамдық келісім және халықтардың достығы. Өйткені, Қазақстанның өркениетті қоғам құру кезінде қол жеткізген барлық табыстары – ұлтаралық келісім, азаматтар бірлігі және ішкі саяси тұрақтылықтың жемісі. Мен біздің елде тұрып жатқан жүз отыз ұлт пен ұлыстың өкілдеріне және қырық бес діни конфессиялық бірлестіктерге өткен жылдар ішінде кездескен қиындықтарды еңсеру кезінде қосқан үлесі мен төзімділігі үшін алғыс айтамын», - деген еді.

Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайды сараптаған адам қазақ жерінде қандай да бір ұлтқа қатысты бөтен көзқарастың жоқ екенін бірден байқайды. Біздің елімізде әрбір ұлтқа деген қамқорлық шексіз. 18-ге толған азаматтар – тегіне, нәсіліне, ұлтына, тіліне қарамай сайлауға қатыса алады. Ата Заңымызда атап көрсетілгендей кез-келген ұлт өкілі тең құқылы.

«Қоғамдық келісім – Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының негізі. Бұл – ойдан шығарылған формула немесе саяси қалып емес, бұл – біздің ішкі саясатымыздың өзегі. Бірақ ол күн сайын нақты да көрнекті әрекеттермен толығып отыруы керек», - деген Елбасының сөзі осыған дәлел.

Қазақстанда дәл қазір өзге ұлт өкілдерінің діні мен салт-дәстүрін жаңғыртуға барынша жағдай жасалған. Осындай ынтымақты тірлікке дүниежүзінің көптеген елдері қол жеткізе алмауда.

Қазіргі таңда өзге ұлт өкілдері Қазақстан халқы Ассамблеясының манайына топтасып, өздерінің салт-дәстүрлері мен мәдениеттерін дамытуда. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамына республикалық, аймақтық деңгейдегі сегіз жүз жиырмадан астам этномәдени бірлестіктер енген.

Бүгінде кең-байтақ қазақ жерінде жастарға он бір тілде тәлім беретін мектептер жұмыс істейді. Біздің билік осындай білім ошақтарының барлық шығындарын көтеріп отырғаны белгілі. Осыдан-ақ еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қандай жағдай жасалғанын бағамдай беруге болады. Сондай-ақ, мұндай мектептер өзге ұлт өкілдері жастарының қазақ тілін оқып-үйренуіне негіз болып отыр. Бұдан басқа ел аумағында 13 тілде түрлі радиохабарлар, 11 тілде газет-журналдар тарайтыны белгілі. Бұл үлкен жетістік.

Өзара сыйластық пен төзімділікке, бейбітшілік пен келісімге негізделген қоғамдық қағынастар әлем сахнасында Қазақстанның шынайы имиджін қалыптастыруға игі ықпал етуде деп толық айта аламыз. Яғни қазіргі Қазақстан - толығымен толеранттық мемлекет деп айтуға болады.

Педагогикалық тұрғыда толеранттылықты – төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісін табу деген мағына береді деген қорытындыға келсек, ал осы сапаларды адамгершілік құндылықтар ретінде қарастырсақ, өзге ұлттың тілін біліп, мәдениетін, ділін, нанымын оқып үйреніп, дүниетанымымыз кеңісе, оны өз мәдениетімізбен салыстыра отырып, артықшылығы мен кемшілігін ұғынуымыз, тұлғалық дамуымыздың көрсеткіші ретінде толеранттылықты адамгершілік, мәдени, рухани құндылықтардың құрамдас бөлігі тұрғысында қабылдай алғанымыз.

Толеранттылыққа тәрбиелеу, ең бірінші отбасынан басталады. Әрбір ата-ана өз балаларының тұңғыш тәрбиешілері. Бала – ата-ананың адамгершілік өмірінің айнасы. Отбасы жас ұрпақтарды жеке тұлға ретінде қалыптастырудың кайнар бастауы. Бала үшін отбасы бір жағынан – тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан – тәрбиелік орта. Ата-ана – толеранттылықтың үлгісі бола білу керек. Толерантты мінез-құлықтың тәжірибесін меңгеру кезінде ата-ананың берген үлгілері үлкен мәнге ие.

Толеранттық көзқарасты дұрыс қалыптастыруда кітапхананың атқарар міндеті ауқымды. Өйткені кітапхана – білім және тәрбие үдерісін әдебиетпен және ақпаратпен қамтамасыз ететін, рухани және интеллектуалдық қатынастарды, мәдениетті тарату орталығы.

Әр азамат жасына, жынысына, ұлтына, біліміне, саяси, діни көзқарасына қарамастан кітапхананы пайдалануға құқығы бар.

Кітапхана – дүниеде ештеңеге теңестірмейтін білім бұлағының көзі, бүгінгі таңдағы қоғамдық өзгерістер, қоғамның өркениетті деңгейге көтерілуі жайлы мағлұмат беретін ақпарат орталығы. Кітапханадан алған рухани дүние негізінде оқырманның білімі жетіледі, адамгершілік, патриоттық, экономикалық, төзімділік және т.б. көзқарастары берік қалыптасады.

Қазіргі кітапханашы өз заманының даму деңгейінде болып, тек қана кітап беруші емес, ол – педагог, ұстаз, әдіскер, библиограф, тәрбиеші, көмекші, бағыттаушы, құрастырушы, жинақтаушы, ұсынушы, ұйымдастырушы, жүргізуші, бағдарламашы, ақпарат таратушы.

Кітапхананың жұмысын қоғам мен адамнан бөліп қарауға болмайды. Кітапхана рухани қазынаны жинақтайтын киелі орын. Сол себепті кітапхананың жас ұрпаққа тәрбие берудегі рөлі өте зор.

Атақты авар ақыны Расул Ғамзатов: «Өзіңді өзің тану үшін кітап керек, өзгені тану үшін де кітап керек», - деп кітап жайлы тамаша ойын жеткізген болатын.

Адам айнаға қарап бет жүзін көретіні сияқты кітап оқу арқылы жаңа әлемді таниды, басқа ұлттың, басқа халықтың, басқа бір елдің, қоғамның мәдениетін, тілін, тұрмысын, салт-дәстүрін біледі.

Сол себепті білім беру саласы кітапханасының қорындағы әдебиеттердің мазмұны да тәрбие түрлеріне сәйкес болып келеді. Қордағы әдебиеттердің басым бөлігі тәрбие құралы болып табылады. Ал толеранттылық рухта тәрбиелеуді кезек күттірмейтін мәселе ретінде қарастыру қажет, өйткені ол төзімсіздік сияқты келеңсіздікке жол бермейді.

Кітапхана қорындағы әдебиеттер мазмұны жағынан халық педагогикасы, ұлттық тәрбие, отансүйгіштік,



адамгершілік, азаматтық, имандылық, мәдени, эстетикалық, этикалық және т.б. тәрбие туралы әдебиеттермен толықтырылған болуы керек. Бұлардың бәрі де толеранттылықпен ұштасып жатады, себебі біз көп ұлтты мемлекетпіз, сол себепті жас ұрпаққа алдымен отансүйгіштік, адамгершілік тәрбиемен бірге толеранттық тәрбие беру басты мәселе болып отыр.

Кітапхананың көркі және негізгі айнасы – кітап көрмелері. Кітап көрмелері барлық кітапханалардың күнделікті жұмыстарының бірі болғанымен, оқырмандар үшін көп мүмкіншілігі бар сала. Оқырманмен тек сөйлесу арқылы ғана емес, көрме арқылы да қарым-қатынас жасауға болады. Әрбір көрме – көрмені ұйымдастырған кітапханашының әлемге деген көзқарасы, кітап арқылы оқырманға жеткізбекші болған мәліметі, оқырманға арналған тәрбие құралы. Осы мақсатта кітапханада көз тартатындай көркем безендірілген, терең мазмұнды, ашық көлемді арнайы кітап көрмелерін ұйымдастыру, кітапхананың басқа да жұмыс түрлерінен ұтымды да маңызды болып келеді, сол себепті де оқырмандар жақсы ұйымдастырылған көрменің қасынан өтіп кетпейді.

Әр саладағы кітап көрмелері арқылы оқырмандардың білімін, мәдениетін, рухани көзқарасын, адамгершілік қасиеттерін байытып, тәрбиелеу жұмысына үлес қосу әр кітапхананың міндеті. Осы орайда толеранттық тәрбие саласына бағытталған мысалы, «Бейбітшілік және келісім – басты құндылық», «Ұлтымыз бөлек болса да, отанымыз бір», «Жүз халық – бір отбасы», «Отаным да, үйім де киелі мекен қазақ жері», «Ырыс алды – ынтымақ» атты кітап көрмелерін ұтымды, қызықты кітаптармен жинақтап ұйымдастырса, кітапхана осы көрмелер арқылы да оқырмандарды өзіне тарта алады.

Кітап көрмесіне қойылған кітаптар туралы жан-жақты ақпарат беріліп, төзімділік, мейірімділік, достық пен өзара көмек, әдептілік пен этика ережелері туралы кітап көрмесіне қойылған Қазақстанда қоныстанған халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне байланысты кітаптарға, мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалаларға қызықты ауызша шолу жасалып тұрса, ол көрменің мазмұнын аша түседі, көрмедегі кітаптарға қызығушылық тудырады. Көрмені жай қарағаннан, сол көрмеде қойылған кітаптар туралы ауызша мәлімет алған анағұрлым қызығырақ болып келеді.

Кітапханалар, әсіресе білім саласының кітапханалары 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні немесе 16 қараша – Халықаралық төзімділік (толеранттық) күніне орай толеранттық ұғымын қарапайым тілмен жете түсіндіру, Қазақстанды мекендейтін өзге ұлт өкілдерінің өміріне, мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, ұлттық өнеріне назар аударып, құрмет білдіруге тәрбиелеу мақсатында оқырмандарға арналған түрлі көпшілік іс-шаралар ұйымдастырулары қажет. Мысалы «Қазақстан халқының бірлігі күні», «Ынтымағы жарасқан елміз», «Достық пен келісім» атты фестивальдар, концерттік бағдарламалар, көркемөнерпаздар байқауларын, «Халықтар достығы – тілдер достығы», «Толеранттық әр үйде» атты слайд-шоу, мектеп кітапханаларында «Ақпыз, кара, сарымыз – ағайынбыз бәріміз», «Біз бәріміз әртүрліміз» тақырыбында сурет салу, қолөнер сағаттарын ұйымдастырып, «Толеранттылық планетасы», «Достық деген не?» атты тәрбие сағаттарын өткізу арқылы оқырмандар көңілінен шығуға болады.



Заманауи оқырмандар көпшілік шаралардың жаңа түрлерін ғана емес, жаңаша мазмұнын да талап етеді. Әсіресе қазіргі заманға сай, жастардың көңілінен шығатын, әсер қалдыратын көпшілік шаралар қажет. Осы орайда жаңа мазмұнда өткізілетін көпшілік мәдени шараның бір түрі – ток-шоу. Ток-шоу дегеніміз жастар арасында белгілі бір тақырыпты тандап алып, әркім өз ойын ортаға сала отырып, ашық, айқын пікір алмасу. Осыған байланысты кітапхана «Толерантты тұлға дегенді қалай түсінесің?», «Көп мәдениетті тәрбие», «Қазақстандық патриотизм және толеранттылық», «Толеранттылық – бейбітшілік кепілі» сияқты тақырыптарға тиісті деңгейде ток-шоу сияқты мәдени шара өткізсе, оқырмандардың ықыласына ие болары сөзсіз.

Ол үшін кітапханашы бұл шараны алдын ала дайындаушы, ұйымдастырушы, қатысушылардың арасын байланыстырушы бола білуі керек. Кітапханашыға жүктелер жауапкершілік үлкен, тақырып таңдайтын да, тақырыпты ашуға қатысатын оқырмандарды сөйлетуші де өзі болады. Алдымен кітапханашы белгіленген тақырып аясында қатысушыларды айтылар ойға жұмылдырады, тақырыпқа ортақтастырады, тақырыптың түпкі мақсатына, яғни негізгі идеясына жетелейді. Ток-шоуға қатысушылар да танымы терең, талғамы жоғары, өз қазқарасы қалыптасқан, көптің көкейінде жүрген мәселені өз тарапынан айта алатын, ойын тиянақты жеткізуді, сөздерді өз орнымен дұрыс қолдануды білетін оқырмандардан болуы керек.

Кітапхана оқырмандарының қызығушылығын тудыратын басқа да көпшілік шаралардың түрлері жеткілікті. Мысалы «Толеранттылық – бейбітшілікке бастау», «Халықтар достығы – тілдер достығы, заман ағымына сай «Үш тұғырлы тіл – уақыт талабы» атты кештер, әңгіме-презентациялар, оқырмандар конференцияларын, кездесулер өткізуге кітапхананың мол мүмкіншілігі бар.

Қорыта айтқанда, жас жеткіншектерге арналған кітапхананың тәрбиелік саладағы атқарар жұмысы көп. Болашақта да кітапхана тәрбиенің барлық түрлерін беретін, мәдени, ақпараттық орта болып қала береді. Жоғарыда аталып өткен шаралар бір ғана мысал, одан басқа да тәрбиелік шараларды өткізу кітапхана жұмысына тән нәрсе. Әсіресе көп ұлтты мемлекетте өмір сүргеннен кейін, ұлтаралық қатынастар тәрбие түрлерінің ең алдында тұратын маңызды мәселе деп айтуға болады.

Біздің жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Ел. Бұл идеяны өміршен ететін – елдің бірлігі. Бірлік болмаған, ауызбіршілік қашқан, алауыздық болған жерде береке болмайды. Сол себепті, Елбасының Жолдауында айтылғандай, біздің кейінгі ұрпаққа аманат етер ең басты байлығымыз – ел бірлігі болуы керек. Қазақстан халқының бірлігі, мемлекеттік тіл, барша азаматтардың теңдігі және олардың Отанымыздың алдындағы жауапкершілігі Қазақстанның ХХІ ғасырдағы қарышты дамуын қамтамасыз ететін темірқазыққа айналуы қажет.

«Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ», – деп атап көрсеткен Елбасымыз. Сондықтан «Төртеу түгел болса төбедегі келері» хақ. Сан ұлттың мекені болған мемлекетіміздің алар асуы алда. «Байлық – байлық емес, бірлік – байлық» дегендей, расында, Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуында «бірлік» категориясы ең негізгі құндылық болып табылады. Бірлігі бекем елдің болашағы нұрлы, келешегі кемел. Әрдайым осы бірлігімізден айырылмай, татулығымыздан танбай, жұбымызды жазбай, болашаққа бірге қадам баса берейік. Ел тыныштығының тұнығы бұзылмай, бейбіт елдің берекесі арта берсін!